

«Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының еңбекті қорғау жөніндегі үздік техникалық инспекторы» жыл сайынғы республикалық байқауы туралы АҚПАРАТ

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері Кәсіподақ үшін өзекті болып отыр. Соңғы төрт жылда еңбек қызметімен байланысты жазатайым оқиғалардан зардап шеккен қызметкерлер саны – 200 адам, соның ішінде психикалық ауытқу нәтижесінде – 1 адам, топтық жазатайым оқиғада – 15 адам, уланудан – 4 адам. Жазатайым оқиға нәтижесінде жеңіл дәрежелі жарақат алған – 60 адам, орта дәрежелі – 44 адам, ауыр дәрежелі – 84 адам, қайтыс болған – 12 адам.

Еңбек қызметімен және кәсіптік аурумен байланысты жарақат нәтижесінде жұмыс уақытын жоғалту – 11064 күнтізбелік еңбекке жарамсыздық адам-күнін құрады (1000 жұмыскерге – 11,064). Жазатайым оқиғалардың материалдық салдары 29734500 теңге құрады, еңбекке жарамсыздық қағазы бойынша 24210900 теңге төленді, біржолғы жәрдемақылар 5060200 теңге сомасында төленді.

Кәсіподақтың XIV Съезімен қабылданған Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағы қызметінің 2019-2024 жылдарға арналған Бағдарламасы барлық деңгейлердегі кәсіподақ органдарының алдына қызметкерлер мен білім алушылардың өмірі мен денсаулығын сақтау мақсатында еңбекті қорғау талаптары мен нормаларын қадағалауға қоғамдық бақылауды жүзеге асыру бойынша техникалық еңбек инспекциясының қызметін жетілдіру міндетін қойды.

Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау саласындағы негізгі бағыттардың бірі – білім және ғылым саласындағы еңбекті қорғау жағдайына ішкі бақылау тиімділігін жасау мен арттыру, өндірістік жарақаттың алдын алу, жұмыс берушілердің еңбек заңнамасын бұзушылығын анықтау жөніндегі жұмыс болды. Аталған бағытты іске асыру үшін кәсіподақтың Салалық Кеңесі 2019 жылы «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының еңбекті қорғау жөніндегі үздік техникалық инспекторы» Республикалық байқауын өткізді. Байқауды өткізу оның тиімділігін және жоғары ынталандыру маңызын көрсетті. Салалық Кеңес атына мұндай байқауларды тұрақты негізде өткізу туралы бірқатар ұсыныстар түсті.

Техникалық инспекторлардың еңбекті қорғау жөнінде арнайы білім деңгейлерін, шығармашылық белсенділіктерін, жаңашылдықтарын арттыру, жұмыс орындарында таза және қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге көңіл аударуды күшейту, өндірістік жарақат пен кәсіптік аурулардың алдын алу жұмысын жандандыру мақсатында, еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлар арасында жыл сайын байқау өткізу қажет.

«Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының еңбекті қорғау жөніндегі үздік техникалық инспекторы» жыл

сайынғы Республикалық байқауы туралы Ереже жобасында байқаудың мақсаттары мен міндеттері, өткізу тәртібі мен шарттары көрсетілді.

Төрайым орынбасары

В. Беженаров